



## **ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ**

---

### **КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ**

2024 жылғы 16 желтоқсан

Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші Сот төрағасы А.А. Дронов,  
баяндамашы судья Е.Ж. Исмаилов, судьялар А.М. Ажибраимова,  
Э.В. Айриян, Д.П. Александров, А.А. Забара, М.Т. Кайыпов,  
А.Б. Кишкембаев, Н.В. Павлова, А.Г. Тунян,

сот отырысының хатшысы Б.М. Айсаутованың қатысуымен,  
іс материалдарын зерттеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 46, 47, 50, 68, 69, 73, 96, 98-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелерін, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының шешімдерін түсіндіру туралы Ресей Федерациясының өтініші бойынша консультативтік қорытынды ұсынады.

#### **1. Өтініш берушінің сұрағы**

1. Ресей Федерациясы Бас прокуратурасы Ресей Федерациясының (бұдан әрі – өтініш беруші) атынан Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін, Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберіндегі халықаралық шарттарды және Одақ органдардың шешімдерін, атап айтқанда, Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің (2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа № 1 қосымша; бұдан әрі – ЕАЭО КК) 23-бабының 4-тармағын түсіндіру туралы өтінішпен жүгінді.

2. Өтініш беруші Сотқа өтініш беру үшін шаруашылық жүргізуші субъект – «Атлас» жауапкершілігі шектеулі қоғамы (Ресей Федерациясы) мен тауарларды сыныптау және олардың шығарылған елі мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия Ресей кеден қызметінің жанындағы кеден саясатын іске асыру жөніндегі сараптау-консультативтік кеңесінің өтініштері себеп болғанын көрсетеді, олар ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағы ережелерінің анық

еместігі туралы куәландырады.

3. Өтініш беруші өтінішін ЕАЭО КК 21 және 23-баптарының ережелерін келтіре отырып, шешімдердің екі түрінің – тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім мен тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімнің (түсіндірменің) арасындағы айырмашылықты қарай отырып, сыныптау туралы алдын ала шешімге қатысты қолданылатын аталған нормаларда «тауарлардың жекелеген түрі» емес, «тауар» термині пайдаланылады деп негіздейді. Осыған байланысты, өтініш берушінің пікірінше, ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағының ережелері тауардың нақты бір артикуліне (маркасына, моделіне, модификациясына) қатысты тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау қажеттігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, ал мұндай жағдайда практикада берілетін алдын ала шешімдердің саны олардың барлығының Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 80 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай Тауар номенклатурасының (бұдан әрі – ЕАЭО СЭҚ ТН) бір кодына жатқызылатынына қарамастан, шаруашылық жүргізуші субъект мәлімдеген тауардың бір түрінің артикулдарының (маркаларының, модельдерінің, модификациясының) санына сәйкес болуға тиіс. Сонымен қатар өтініш беруші ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағының тұжырымдамасы бірдей сыныптамалық белгілерді иеленетін бір және сол тауардың бірнеше түрлерін бір мезгілде көрсете отырып сыныптау туралы бір алдын ала шешімді қабылдау мүмкіндігін де жоққа шығармайды.

Осылайша, өтініш беруші көрсеткендей, бір жағынан ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағының нормалары тауарды сыныптау туралы бір алдын ала шешім тауардың бір артикуліне ғана қатысты беріледі, ал екінші жағынан әрбір мәлімделген тауар атауы бойынша оған артикулдердің (маркалардың, модельдердің, модификацияның) санына қарамастан сыныптау кодын бере отырып, сыныптау туралы бір алдын ала шешім қабылдау мүмкіндігіне жол беріледі.

4. Осыған байланысты өтініш беруші Соттан ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағының ережелерін түсіндіруді және келесі мәселелер бойынша консультативтік қорытынды беруді сұрайды:

1) ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағының тұжырымдамасында Одаққа мүше мемлекеттің кеден органының бір өтініште көрсетілген тауарлардың олардың барлығының объективтік классификациялық белгілеріне байланысты ЕАЭО СЭҚ ТН бір кіші қосалқы позициясына жатқызылған жағдайда, олардың бірнеше артикулдеріне, маркаларына, модельдеріне, модификацияларына қатысты тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдауына жол беріле ме;

2) ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағының ережесі ЕАЭО КК 21-бабының 7-тармағымен оның осы баптың 2-тармағымен өзара байланысында қалай үйлеседі?

## **II. Соттың қорытындылары**

5. Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (Шартқа №2

қосымша; бұдан әрі – Статут) 2-тармағына байланысты Сот қызметінің мақсаты Статуттың ережелеріне сәйкес мүше мемлекеттердің Шартты, Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттарды, Одақтың үшінші тараппен жасасқан халықаралық шарттарын және Одақ органдарының шешімдерін бірдей үлгіде қолдануын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ретте Статуттың 102-тармағында Сот шешімі Одақтың қолданыстағы құқық нормаларын, мүше мемлекеттердің заңнамасын өзгертпейді және (немесе) күшін жоймайды және жаңаларын жасамайды деп белгіленген.

**6.** Статуттың 50-тармағын басшылыққа ала отырып Соттың Үлкен алқасы 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының шарт шарттың терминдеріне олардың мән-мәтініне, сондай-ақ объект тұрғысында және шарттың мақсаттарына мән беру қажет болатын дағдылы мағынаға сәйкес адал түсіндірілуге тиістігін көрсететін 31-бабы 1-тармағының ережелерін ескере отырып, халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормаларының негізінде Шарттың ережелерін олардың өзара жүйелік байланысы негізінде түсіндіруді жүзеге асырады.

**7.** Шарттың 2-бабына сәйкес кеден одағы өзінің шегіндегі өзара саудада кедендік баждар (баламалы қолданылатын өзге де баждар, салықтар мен алымдар), тарифтік емес реттеу шаралары, арнайы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шаралары қолданылмайтын, Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі және үшінші елдермен тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің бірыңғай шаралары қолданыста болатын бірыңғай кедендік аумақты көздейтін мүше мемлекеттердің сауда-экономикалық интеграциясы нысанын білдіреді.

**8.** Шарттың 3-бабында, 25-бабының 1-тармағының 2, 4-тармақшаларында өтпелі кезеңдер аяқталғаннан кейін кеден одағының алып қоюсыз және шектеулерсіз жұмыс істеуі Одақ негіздерінің бірі болып табылады, кеден одағының шеңберінде мүше мемлекеттер кедендік реттеуді жүзеге асырады, үшінші елдермен тауарлардың сыртқы саудасын реттеудің бірыңғай шаралары қолданылады.

Шарттың 32-бабына, ЕАЭО КК 1-бабының 2-тармағына байланысты Одақтағы бірыңғай кедендік реттеу кедендік құқық қатынастарын реттейтін ЕАЭО КК қоса алғанда, Одақ құқығын құрайтын халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, сондай-ақ Шарттың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

**9.** Шарттың 42-бабының 1-тармағына сәйкес Одақтың кедендік аумағында Еуразиялық экономикалық комиссия (бұдан әрі – Комиссия) бекітетін және Одақтың сауда саясатының құралдары болып табылатын ЕАЭО СЭҚ ТН және Одақтың Бірыңғай кедендік тарифі қолданылады.

ЕАЭО КК 19-бабының 1-тармағында ЕАЭО СЭҚ ТН кедендік-тарифтік реттеу шараларын, кедендік әкету баждарын, тыйым салу мен шектеулерді, ішкі нарықты қорғау шараларын қолдану, кедендік статистиканы жүргізу мақсаттарында тауарларды сыныптау үшін пайдаланылатын, тауарларды сипаттау және кодтау жүйесі болып табылады деп белгіленген.

**10.** ЕАЭО КК 20-бабының 1-тармағына орай декларант және өзге тұлғалар тауарларды сыныптауды кедендік декларациялау кезінде және

кедендік реттеу саласындағы халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес кеден органына ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауар коды мәлімделетін өзге де жағдайларда, ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес жүзеге асырады. ЕАЭО СЭҚ ТН сыныптау кодтарын қолдану кедендік баждардың мөлшерлемелерін айқындауға және тиісінше кедендік төлемдерді алуға, тарифтік емес шараларды, тыйым салулар мен шектеулерді қолдануға, Одаққа мүше мемлекеттердің кедендік статистикасын және соған негізделген кедендік саясатын қалыптастыруға байланысты құқықтық салдарға әкеп соғады.

**11.** Тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешімдерді (ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағы) және тауарлардың жекелеген түрін сыныптау туралы шешімдерді (ЕАЭО КК 21-бабының 7-тармағы) қабылдау кезінде ЕАЭО СЭҚ ТН бірдей түрде қолдану қағидаты қамтамасыз етілуге тиіс. Өтініш беруші аталған нормалардың өзара байланысын түсіндіруді сұрайтынын ескере отырып, шешімдердің осы екі түрін салыстыру орынды болып көрінеді.

**12.** ЕАЭО КК 21-бабының 1-тармағына сәйкес кеден органдары тұлғалардың өтініші бойынша ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешімдерді және Одақтың кедендік шекарасы арқылы жиналмаған немесе бөлшектелген түрде, оның ішінде жиынтықталымданбаған немесе жасалып бітпеген түрінде өткізілетін тауарларды сыныптау туралы шешімдерді қабылдау жолымен кедендік декларациялауға дейін тауарларды сыныптауды жүзеге асыруы мүмкін.

**13.** ЕАЭО КК 21-бабының 2-тармағына сәйкес тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешім «Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасы. Тауарлардың сыныпталуы» деген ЕАЭО КК 3-тарауына сәйкес қабылданады.

ЕАЭО КК 21-бабының 4-тармағында тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешімдер кеден органдары осындай тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешімдер қабылдаған мүше мемлекеттің аумағында, ал ЕАЭО КК 21-бабының 4-тармағының екінші абзацында көзделген жағдайда өзге мүше мемлекеттердің аумақтарында да қолданылады. Тауарларды кедендік декларациялау кезінде тауар коды туралы мәліметтер ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес осындай тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешімге сәйкес тауарларға декларацияда көрсетіледі.

**14.** ЕАЭО КК 23-бабының 3 және 4-тармақтарында тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімді кеден транзитінің кедендік рәсімін қоспағанда, тауарды кедендік рәсіммен орналастырған кезде және белгілі бір марканы, модельді, артикулді және модификацияны қамтитын тауардың әрбір атауы бойынша оны шығару жүргізілетін мүше мемлекеттің кеден органы қабылдайды деп белгіленген.

**15.** ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағының мәтініне сүйене отырып ЕАЭО КК 3-тарауының басқа да құқықтық нормаларымен, соның ішінде ЕАЭО КК 23-бабының 5-тармағымен өзара байланысын негізге ала отырып, алдын ала шешім нақты тауарды Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу кезінде туындайтын кедендік құқықтық қатынасқа қолдануға бағытталған Одақ құқығының нормасына сәйкес келетін құзыретті кеден органының құқық қолдану актісін білдіреді. Мұндай құқық қолдану актісі ЕАЭО құқығында

белгіленген тәртіппен ресімделе отырып, кедендік құжат болып табылады. ЕАЭО КК 23-бабы 4-тармағының мәтінін негізге ала отырып, тауарды құқық қолдану актісі ретінде сыныптау туралы алдын ала шешімді құзыретті кеден органы белгілі бір марканы, модельді, артикулді және модификацияны қамтитын тауардың әрбір атауы бойынша қабылдауға тиіс.

**16.** Тауарлардың жекелеген түрін сыныптау өз кезегінде ЕАЭО КК 21-бабының 6-тармағы және 22-бабының 1, 2-тармақтары негізінде жүзеге асырылады.

ЕАЭО СЭҚ ТН-нің біркелкі қолданылуын қамтамасыз ету мақсатында ЕАЭО СЭҚ ТН-нің 21-бабының 6-тармағына сәйкес мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында айқындалған кеден органдары шешімдерді қабылдай алады және мүше мемлекеттердің кедендік реттеу туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы түсініктемелер бере алады. Көрсетілген шешімдер мен түсіндірулер кеден органы қабылдаған мүше мемлекеттің аумағында тауарларды сыныптау кезінде міндетті болып табылады. Сол мақсаттарда ЕАЭО КК-нің 22-бабында тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімдер қабылдауға (түсіндіруге) Комиссияға да өкілеттік берілген.

Комиссияның тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімдер қабылдау тәртібі сондай-ақ «Еуразиялық экономикалық комиссияның тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімдерді дайындау тәртібі туралы» Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2013 жылғы 2 желтоқсандағы № 284 шешімімен (бұдан әрі - № 284 Тәртіп) де белгіленген.

№ 284 Тәртіптің 3-тармағына сәйкес ЕАЭО СЭҚ ТН бойынша тауарлардың жекелеген түрін сыныптау туралы ұсынысты Комиссияға Одаққа мүше мемлекеттің кеден органы бастамашылық тәртіппен не Мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің біріккен алқасының шешімі негізінде енгізеді. № 284 Тәртіптің 15-тармағында Комиссия кеден органдары қабылдаған алдын ала шешімдерде, Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті кеден органдары қабылдаған тауарлардың жекелеген түрін сыныптау туралы шешімдерде тауарлардың әртүрлі сыныптамасын анықтаған жағдайда, Комиссия тауарлардың жекелеген түрін өз бастамасы бойынша сыныптау туралы шешім қабылдайтыны көзделген.

Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің (Шартқа № 1 қосымша) 13-тармағына сәйкес Комиссия өз өкілеттігі шегінде Одақ құқығына кіретін және Одаққа мүше барлық мемлекеттердің аумағында тікелей қолдануға міндетті болатын нормативтік-құқықтық сипаттағы шешімдер қабылдайды.

**17.** ЕАЭО КК 21-бабының 7-тармағына байланысты ЕАЭО КК 3-тарауының ережелерін қолдану мақсаттары үшін нақты атаулары, нақты маркалары, модельдері, артикулдері, модификациялары бар және өзге де ұқсас дербес сипаттамалары бар тауарларды ЕАЭО СЭҚ ТН бір кодқа жатқызуға мүмкіндік беретін ортақ сыныптау белгілері бар тауарлар жиынтығы тауарлардың жекелеген түрі деп түсініледі.

**18.** Осылайша, Одақ құқығының кедендік құқық қатынастарын реттейтін

актілері тауарлардың жекелеген түрлерін сыныптау туралы шешімнің мынадай белгілерін айқындайды: оның ресімделген құрылымы жоқ және тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім үшін белгіленген кеден құжатының критерийлеріне жауап бермейді; оның мәні жекелеп алынған тауарлар емес, негізгі сипаттамалары осы тауарлар жиынтығын ЕАЭО СЭҚ ТН бір коды бойынша біржақты сыныптауға мүмкіндік беретін ЕАЭО КК 21-бабының 7-тармағында көзделген тауарлар жиынтығы болып табылады; Комиссия мен Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті кеден органдары мұндай шешімді қабылдау құзыретіне ие болады; олар белгілі бір шарттар мен негіздер болған жағдайда осындай шешімді қабылдауға бастамашы болады; Комиссия қабылдаған кезде тауарлардың жекелеген түрін сыныптау туралы шешім нормативтік сипатта болады және міндетті түрде Одаққа мүше барлық мемлекеттердің аумағында оған ие болады, ал оны кеден органы қабылдаған жағдайда - міндетті түрде кеден органы оны қабылдаған Одаққа мүше мемлекеттің аумағында болады.

**19.** Жоғарыда айтылғандар Соттың Үлкен алқасына келесілер туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

ЕАЭО КК 21, 22 және 23-баптарында көрсетілген шешімдер – тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім және тауарлардың жекелеген түрін сыныптау туралы шешім (түсіндіру) – қабылдау нысаны мен тәртібі, құқықтық табиғаты, мазмұны, қабылдау мақсаттары мен салдары және қолданылу мерзімдері бойынша аражігі нақты ажыратылған кедендік сыныптау туралы шешімдердің екі түрі болып табылады.

Құқықтық реттеу объектісі бойынша ЕАЭО КК 21 баптың 7-тармағының және 23 баптың 4-тармағының ережелері де ерекшеленеді, өйткені осы нормалардың біріншісі тауарлардың жиынтығын олардың түрлік тиесілілігіне қарай сыныптауға қатысты нормативтік құқықтық актіні (бұдан әрі – НҚА) қабылдау тәртібі мен негіздерін, ал екіншісі – белгілі бір атаудағы нақты жеке тауарға қатысты аталған НҚА-ға қайшы келмейтін жеке-дара қолданылатын құқықтық актіні қабылдау тәртібі мен негіздерін регламенттейді.

**20.** Өтініш берушінің сұрағына жауаптың жан-жақтылығы мен толықтығы ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағының ЕАЭО КК 23-бабының 5-тармағымен өзара байланыстағы ЕАЭО КК 21-бабының 2 және 7-тармақтарымен үйлесімділігі туралы мәселені түсіндіру қажеттігін болжайды.

Одақ құқығының қолданыстағы актілерін түсіндіру мен қолданудың қалыптасқан тәжірибесін зерделеу негізінде Соттың Үлкен алқасы ЕАЭО КК 3-тарауының қолданыстағы редакциясының ерекшеліктерімен түсіндірілетін осы мәселені шешу үшін қолданылатын нормаларды түсіндірудің екі тәсілінің бар екенін растайды.

**21.** Осы тәсілдердің біріне сәйкес ЕАЭО КК 21-бабы 7-тармағының мазмұндық мәнінен «нақты маркалар, модель, артикул, модификация» нақты атаулары бар тауарларының жеке сипаттамаларына жатқызылғаны келіп шығады. Алайда, егер аталған нормада сөз әртүрлі атаулары мен жеке сипаттамалары (маркасы, моделі, артикулі, модификациясы) көп болуы мүмкін, сонымен бірге ортақ сыныптау белгілерін иеленетін тауарлар жиынтығы туралы болса, онда ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағында – нақты

атаудағы белгілі бір жеке тауар туралы айтылады.

**22.** ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағын ЕАЭО КК 21-бабының 2 және 7-тармақтарымен өзара байланыста сөзбе-сөз түсіндіру тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім барынша дараландырылғанын, яғни тауардың әрбір нақты атауы бойынша қабылдануы тиіс деген тұжырымды растайды.

ЕАЭО КК 2-бабы 1-тармағының 45-тармақшасына сәйкес тауар деп кез келген жылжымалы мүлік, сондай-ақ жылжымайтын мүлікке теңестірілген өзге де жылжымалы заттар түсініледі.

**23.** ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағына сәйкес тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім белгілі бір марканы, модельді, артикул мен модификацияны қамтитын тауардың әрбір атауы бойынша қабылданады.

ЕАЭО КК 23-бабы 4-тармағының грамматикалық конструкциясы оның нормасын кеңейтіп түсіндіру үшін негіз жасамайды. ЕАЭО КК 23-бабы 4-тармағының тұжырымдамасында барлық терминдерді жекеше түрде қолдану сыныптау туралы алдын ала шешім қабылданатын тауардың әрбір атауы белгілі бір марканы, модельді, артикулді, модификацияны қамтитын тауарды дараландыратын белгілердің жиынтығымен айқындалатынын көрсетеді. Осылайша, тауардың көрсетілген жеке сипаттамаларының кез келгені бойынша сәйкессіздікті алдын ала шешім қабылдайтын кеден органы оны сыныптау мақсаттары үшін тауар атауындағы айырмашылықты көрсету ретінде бағалауы мүмкін және тиісінше, ЕАЭО КК 23-бабының тәртібімен жеке берілген өтініш бойынша алдын ала жеке шешім қабылдау қажеттілігіне әкеп соғуы мүмкін.

**24.** Мәлімдемелік қағидатқа негізделген мұндай шешімдерді қабылдау рәсімі мүдделі тұлға Одаққа мүше мемлекеттің уәкілетті кеден органына өтініш жолдай отырып, онда нақты тауарға тән барлық сәйкестендіру сипаттамаларын егжей-тегжейлі көрсетуге міндетті екенін көздейді. Тиісінше, мәлімделген тауардың әрбір атауы үшін нақты жеке анықталған маркасы, моделі, артикулі, модификациясы көрсетілген алдын ала жеке шешім талап етіледі.

**25.** ЕАЭО КК 23-бабының 5-тармағында тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімнің нысанын, оны толтыру және осындай тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібін Комиссия айқындайды деп белгіленген. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 17 сәуірдегі № 58 шешімімен Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасына сәйкес тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімнің нысаны, оны толтыру және осындай алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібі (бұдан әрі – № 58 Тәртіп) бекітілді.

№ 58 Тәртіптің 12–14, 16-тармақтарына сәйкес тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімнің нысаны мыналарды қамтуға тиіс: «Тауардың атауы» деген 5-бағанда – белгілі бір марканы, модельді, артикулды және модификацияны қамтитын, тауардың атауы туралы мәліметтер; 6-бағанда «ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес тауардың коды» - тауардың 10 таңбалы коды; «Тауардың сипаттамасы» деген 7-бағанда тауарды бірімді сыныптау және оны алдын ала шешім нысанының 6-бағанында көрсетілген 10 мәнді кодына

жатқызу үшін қажетті барлық мәліметтер көрсетіле отырып тауардың егжей-тегжейлі сипаттамасы; «Қызметтік белгі үшін» деген 9-бағанда алдын ала шешім қабылданған тауарды кедендік декларациялау кезінде кеден органы назарға алуға тиісті кедендік мақсаттар үшін (қажет болған кезде) қосымша ақпарат (мысалы, мүше мемлекеттердің атқарушы билігі уәкілетті органдарының тауардың алдын ала шешім нысанының 6-бағанында көрсетілген 10 мәнді кодқа жатқызылуын растайтын құжаттар туралы мәліметтер) 9.1 нөмірімен көрсетіледі.

Келтірілген сілтемелерге сәйкес алдын ала шешімде белгілі бір марканы, модельді, артикулді және модификацияны көрсете отырып, тауардың әрбір (нақты) атауын жекеше түрде көрсету талап етіледі, бұл ретте декларацияланатын тауардың сипаттамасы оның ЕАЭО СЭҚ ТН сәйкес бір 10 таңбалы код бойынша бір мәнді сыныпталуына қызмет етуі тиіс.

**26.** Халықаралық шарт болып табылатын ЕАЭО КК 23-бабы ережелерінің мазмұны және олармен өзара байланыстағы № 58 Тәртіптің нормалары осы кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін Одақ құқығының актілерімен Одақта бірыңғай кедендік реттеуді қалыптастыруды қамтамасы ету мақсатында тауарды сыныптау туралы алдын ала 10 шешім қабылдадың белгілі бір тәртібін белгілейтіні туралы куәландырады. Тауарларды сыныптау туралы алдын ала шешімдер институты ЕАЭО КК 13-15, 17-19-тарауларында қамтылған ЕАЭО КК нормаларымен де байланысты, кедендік бақылау, кедендік декларациялау процестерінің қағидаттарымен және нормативтік реттеуімен үйлеседі, тауардың әрбір нақты атауын (оның ішінде тауардың сыныптамалық сипаттамалары болып табылмайтын оның маркасын, моделін, артикулін, модификациясын ескере отырып) нақты дараландыруды көздейді. Алдын ала шешім қабылдау үшін талап етілетін тауар туралы мәліметтердің мұндай егжей-тегжейлі жиынтығы кедендік декларацияның тиісті бағандарында көрсетілетін мәліметтермен тығыз байланысты, сыртқы сауда қызметі саласындағы объективті қажеттілік болып табылады. Осының барлығы аталған параметрдің тауарлардың жекелеген атаулары бойынша сыртқы сауда статистикасының дұрыстығына (объективтілігіне), осы консультативтік қорытындының 8-тармағында атап өтілгендей, Одаққа мүше мемлекеттердің кедендік саясатын іске асыру құралдары ретінде қолданылатын кедендік реттеудің қандай да бір шараларының тиімділігі мен уақтылығына әсері тұрғысынан ескерілуі тиіс.

**27.** Аталған құқықтық нормаларды түсіндіру құзыретті кеден органы алдын ала шешім беру туралы өтінішті қарау нәтижелері бойынша белгілі бір үлгіні, марканы, артикулді және модификацияны қамтитын тауардың әрбір атауы бойынша сыныптау туралы өз қорытындысын шығарады және әрбір осындай шешімді растау үшін жеке кеден құжатын береді деген қорытындыны тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Іс материалдарынан көрініп тұрғандай, ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағын түсіндірудің осы тәсілін қазіргі уақытта Одаққа мүше мемлекеттердің көпшілігі қолданады.

**28.** ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағын түсіндірудің өзге тәсілдемесі Шартта және ЕАЭО КК-де «тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім»,

«тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдау» ұғымдарының анықтамасының қамтылмайтынынан туындайды. Тиісінше мұндай ұғымдарды мұндай шешімнің Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу болжанатын тауарға тиісті кедендік рәсімді қолдану мақсатында құзыретті кеден органы қабылдайтын, ЕАЭО құқығында белгіленген тәртіппен ресімделген кедендік құжатқа айналатын құқық қолдану актісін білдіретінін ескере отырып олардың әдеттегі мағынасында түсіндіру қажет.

Осы тәсілдемеге сәйкес ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағын реттеу объектісі құқық қолдану актісі ретінде алдын ала шешім қабылдау тәртібі болып табылады, ол көрсетілген тармақтың мәтінінен анық көрініп тұрғандай, белгілі бір марканы, модельді, артикулді және модификацияны қамтитын тауардың әрбір атауына қатысты қабылдануға тиіс. Сонымен қатар, ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағы ЕАЭО КК 23-бабының 5-тармағының реттеу нысанасын құрайтын кеден органының тиісті актісін ресімдеу тәртібін белгілемейді.

**29.** Іс материалдарынан көрініп тұрғандай, бұл тәсілдеме Қырғыз Республикасында дамуға ие болды. Қырғыз Республикасының Қаржы министрлігі жанындағы Мемлекеттік кеден қызметі баяндаған ұстанымға сәйкес, ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағында онда бір және сол тауардың бірнеше түрін көрсете отырып, сыныптау туралы бір алдын ала шешім қабылдауға да, тауардың бір артикуліне қатысты бір алдын ала шешім қабылдауға да жол беріледі. Осылайша, қазіргі уақытта ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағын қолдану тәжірибесі біркелкі емес.

**30.** Үлкен алқа осы жағдайларда еуразиялық экономикалық интеграцияны дамытудың қазіргі кезеңінде Шарттың және ЕАЭО КК-нің объектісі мен мақсаттарына барынша дәрежеде жауап беретін ЕАЭО КК 23-бабы 4-тармағының мәнін құрайтын құқықтық қатынастарды реттеуге оңтайлы тәсілдеме туралы мәселені, сондай-ақ осыған орай ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағын барлық мүше мемлекеттер мен Комиссияның біркелкі қолдалуын қамтамасыз етуге арналған тиісті шешім қабылдау туралы мәселені Комиссия мен мүше мемлекеттердің қосымша зерделеуін қажет етеді деп санайды.

**31.** Баяндалғандарды ескере отырып, Соттың Үлкен алқасы мынадай түсініктеме береді:

**31.1.** ЕАЭО КК 21-бабы 7-тармағының және 23-бабы 4-тармағының ережелері реттеудің әртүрлі мәнін иеленеді. ЕАЭО КК 21-бабы 7-тармағы ЕАЭО КК 21-бабы 6-тармағымен өзара байланыса отырып, тауарлардың жекелеген түрлерін (яғни ортақ классификациялық белгілері бар тауарлардың белгілі бір түрлік жиынтығын) кедендік сыныптау мәселесін реттейді, ал ЕАЭО КК 23-бабының 4-тармағы ЕАЭО КК 21-бабы 2-тармағымен өзара байланыса отырып, Одақтың кедендік аумағына әкелінуі болжанатын әрбір нақты тауар атауын ғана кедендік сыныптау туралы алдын ала шешімдер қабылдау мәселелерін регламенттейді.

**31.2.** ЕАЭО КК 23-бабы 4-тармағының қолданыстағы редакциясында Одаққа мүше мемлекеттің кеден органының тауардың бірнеше атауларына,

маркаларына, модельдеріне, артикулдеріне және модификацияларына қатысты құқық қолдану актісі ретінде тауарды сыныптау туралы алдын ала шешім қабылдауға жол берілмейді. Сонымен қатар, тауарды сыныптау туралы алдын ала шешімнің нысанын, оны толтыру және осындай алдын ала шешімге өзгерістер (толықтырулар) енгізу тәртібін Комиссия айқындайды.

### **III. Қорытынды ережелер**

Осы Консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтына орналастырылсын.

Төрағалық етуші

А.А. Дронов

Судьялар:

А.М. Ажибраимова

Э.В. Айриян

Д.П. Александров

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян